





Түйінді Периартерит

Бұл дерт кезінде бұлшық ет тектес артерияларды қоршап тұрған ұлпалар зақымдалады, содан кейін ұсақ артериялар зақымдалады.




Себебі:

- Инфекциялар
- Жарақаттар
- Көбіне 30-40 жастағы ер адамдар ауырады. Ауру бірден немесе біртіндеп басталуы мүмкін.



Клиникасы:


- Дене қызуы көтеріледі
 - Денесінде қызыл дақтар пайда болады
 - Тахикардия
 - Буындары аурады
 - Науқастар шаршағыш, әлсіреген болады
 - Арықтайды
 - Ауру дами келе ішкі ағзаларды да зақымдайды. Инфаркт, стенокардия дамуы мүмкін.
- 

Диагностика

- Қан анализінде – лейкоцитоз, анемия, ЭТЖ жоғарлайды.
- Асқазандағы артериялар зақымданса, асқазанда ауырсынулар пайда болады, диспепсиялық өзгерістер болуы мүмкін. Бүйрек артериялары зақымданса, лейкоцитурия, гематурия, протеинурия, т. б. пайда болады.
- Тыныс алу ағзалардың артериялары зақымданса:
 - демікпе
 - пневмония дамиды.

- Миға баратын артериялар зақымданса:
- бас ауруы
- Тырысулар
- Психоздар дамиды



- Бұл дерт ағымы бойынша 3 түрге бөлінеді:
 - Жіті
 - Созылмалы
 - Орташа
 - Жіті түрде ауру бірнеше жұмаға ғана созылады
 - Орташа түрде 3-9 айға созылады
 - Созылмалы түрде ауру бірнеше жылдарға созылады
- 

Емі

- Қозу кезінде науқастарды ауруханада емдиді.
- Гармондармен емдейді: 60-80 мг иммунодепрессанттар, аспирин 3-4г, ибупрофен, бруфен, индометацин қолданады. Жүрегі ауырса, нитроглицерин, валидол береді.